

«Ақтау халықаралық теңіз сауда
порты» ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамы
Басқарма төрағасының
2025 жылғы 24 желтоқсандағы
№463-НҚ бұйрығымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы №914 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру бойынша
«Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының
2026–2029 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары**

Р/с №	Іс-шаралар	Орындалуына жауапты	Орындау мерзімі
1	2	3	4
1	«ҚТЖ» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдарының жалпы құжат айналымында мемлекеттік тілде іс жүргізудің үлес көлеміне мониторинг жүргізу	КДПРД	тоқсан сайын
2	Құжаттарды аудару техникасы мен қазақ тілінің грамматикасын үйрету бойынша «АХТСП» ҰК» АҚ жұмыскерлерінің қазақ тілі білім деңгейін көтеру бойынша оқытуды ұйымдастыру (ішкі тренерлер күшімен)	КДПРД	оқу жылы ішінде
3	Оқу орталықтары мен кәсіби оқытушыларды тарту арқылы іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу және құжаттарды аудару техникасы бойынша «АХТСП» ҰК» АҚ жұмыскерлеріне корпоративтік курстар ұйымдастыру	КДПРД	Қоғам бюджетіне сәйкес
4	Қазақ тілі білім деңгейін көтеру бойынша оқыту бағдарламасын жасақтап, бекіту	КДПРД	жыл сайын
5	«АХТСП» ҰК» АҚ қызметкерлері үшін «ҚАЗТЕСТ» бағдарламасы негізінде қазақ тілін білу деңгейін анықтау бойынша диагностикалық тестілеуді ұйымдастыру және өткізу	КДПРД, құрылымдық бөлімшелер	шақыру хатына сәйкес
6	Қазақ тілін қолдануды насихаттау шараларын (мәдени-бұқаралық және басқа да) ұйымдастыру	КДПРД, құрылымдық бөлімшелер	қажеттілігіне қарай
7	Мемлекеттік тілді дамыту бойынша түрлі қалалық және облыстық конкурстар, дөңгелек үстел, семинарлар, конференцияларға қатысу	КДПРД, құрылымдық бөлімшелер	шақыру хатына сәйкес

1	2	3	4
8	«АХТСП» ҰК» АҚ кеңестер, жиналыстар, мәдени-бұқаралық және өзге де қоғамдық іс-шаралар өткізу кезінде мемлекеттік тілді кеңінен қолдануды қамтамасыз ету	құрылымдық бөлімшелер	тұрақты
9	Құжаттарды қазақ тілінде сапалы әзірлеу, орыс тіліндегі құжаттарды уақытында қазақ тіліне аудару	құрылымдық бөлімшелер, КДПРД	тұрақты
10	Қазақ тілінің грамматикалық және лексикалық нормаларын, Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, мемлекеттік тілдегі материалдарды «АХТСП» ҰК» АҚ ресми сайттарында орналастыруды қамтамасыз ету	құрылымдық бөлімшелер, КДПРД	тұрақты
11	«АХТСП» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшелері үшін көрнекі ақпаратты (бланкілер, мандайшалар, хабарландыру, жарнама, прейскуранттар, баға белгілері, басқа да көрнекі ақпарат) дұрыс жазу, көрнекі ақпаратты мемлекеттік тілде ресімдеу қажеттілігі бойынша кеңес беру және түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру	құрылымдық бөлімшелер, КДПРД	қажеттілігіне қарай
12	Құжаттарды дайындау кезінде жиі қолданылатын орысша-қазақша сөздер мен сөз тіркестерінің жинақтарын дайындау жұмыстарын жалғастыру	КДПРД	қажеттілігіне қарай
13	«АХТСП» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшелеріне мемлекеттік тілде іс жүргізуде және Қазақстан Республикасында тіл туралы заңнама талаптарын сақтауда іс жүзінде көмек көрсету	КДПРД	қажеттілігіне қарай
14	Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына кезең-кезеңімен көшіру бойынша мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру	КДПРД	Мемлекеттік бағдарламадағы мерзімге сәйкес
15	«АХТСП» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшелерінде мемлекеттік тілде іс жүргізу жағдайын комиссиялық тексеру	КДПРД, комиссия	жыл сайын

Ескертулер:

«АХТСП» ҰК» АҚ/Қоғам - «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
КДПРД – Корпоративтік даму және PR департаменті

Подписание 24.12.2025 15:28 Кутпанбаев Даурен Бакитжанулы (и.о. Турикпенбаев Абай Ногаевич) - подписан